



Мектеп директорларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес 2025 жылдың 18 наурыз күні көркем еңбек пән мұғалімдері арасында аудандық «Ұлттық қазына» атты байқау Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп базасында өтетіндігін хабарлайды.

Осыған орай, аталған байқаудың Ережесіне сәйкес жалпы орта мектептің пән мұғалімдерінің қатысуын камтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Ескерту! Байқаудың ережесі электронды пошталарыңызға жіберілді. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 2 бет

Басшы

М.Сванов

Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 2-14-10

«БЕКІТЕМІН»

Т.Рыскұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М.А.Сванов
«-----» -----2025ж

Аудандық «Ұлттық қазына» байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Ұлттық қазына» атты аудандық шығармашылық байқауын өткізу Ережесі (бұдан әрі-Байқау) оның мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру форматын, оны өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.
- 1.2. Байқаудың мақсаты – көркем еңбек пән мұғалімдерінің шығармашылық белсенділіктерін арттыру, мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуі мен озық іс-тәжірибелерін анықтау және насихаттау.
- 1.3. Байқаудың негізгі міндеттері:
 - Шығармашылық жұмыс жасайтын мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерін тарату;
 - Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көрсету;
 - Шығармашылық жұмыс істейтін мұғалімдерге қолдау көрсету;
 - Педагог кәсібінің мәртебесін арттыру және кәсіби қызметте жоғары жетістіктері бар шығармашыл педагогтерді анықтау.
- 1.4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитетінің және әділ қазылар алқасының құрамдарын қалыптастыруды, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және қорытындысын шығарады.

2. Байқауды өткізу орны және уақыты

- 2.1. Байқау **18 наурыз 2025 жылы** Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп базасында өткізіледі.
- 2.2. Сұраныс (аты-жөні, номинациясы, жұмыстың тақырыбы, мектебі) және пән мұғалімдердің жұмыстары **2025 жылдың 14 наурыз күніне дейін** (14 наурыздағы өтінімдер қабылданбайды) аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға өткізілуі тиіс.

3. Байқау қатысушылары және тәртібі

- 3.1. Байқауға аудандық көркем еңбек пәнінің мұғалімдері қатыса алады. Әрбір қатысушыдан әр номинацияға 1 жұмыстан қабылданады. (бір мұғалім бір номинацияға қатысады).

4. Байқаудың өткізілуі

4.1. Байқау жұмыстарының номинациялары :

«Қол өнері ағашы» номинациясы (ағаштан жасалынған ыдыстар, сыйлық бұйымдары, картиналық жұмыстар, т.б.);

«Қол өнер тері» номинациясы (теріден жасалынған ыдыстар, сыйлық бұйымдары, т.б.);

«Құрақ өнері» номинациясы (түрлі матадан, материалдардан құрақ технологиясында орындалған құрақтар, картиналық жұмыстар, т.б.);

«Кесте қол өнері» номинациясы (сыйлық бұйымдары, картиналық жұмыстар, т.б.);

«Жүн қол өнері» номинациясы (сыйлық бұйымдары, картиналық жұмыстар, т.б.);

«Мүсін өнері» номинациясы (сыйлық бұйымдары, рельефті, картиналық жұмыстар, т.б.);

«Зергерлік өнері» номинациясы (сыйлық бұйымдары, картиналық жұмыстар, т.б.);

Байқау жұмыстарын бағалауда келесі критерийлер ескеріледі:

Бағалау критерийлері:

Жұмыстың тақырып номинациясына сәйкестігі;

Жұмыстың сапасы;

Жұмыстың композициясы;

Жұмыстың техникасы;

Жұмыстың эстетикалық талаптарға сәйкестігі.

5. Байқауға ұсынылатын жұмыстардың талаптары

5.1. Байқау жұмыстарын бағалауда келесі критерийлер ескеріледі:

Бағалау критерийлері:

- Жұмыстың тақырып номинациясына сәйкестігі;
- Жұмыстың сапасы;
- Жұмыстың композициясы;
- Жұмыстың техникасы;
- Жұмыстың эстетикалық талаптарға сәйкестігі.

6. Жеңімпаздарды марапаттау тәртібі

6.1. Жеңімпаздар қазылар алқасының шешіміне сәйкес анықталады.

6.2. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелі номинация дипломдарымен марапатталады.